

Тәрбие жұмысының жылдық есебі



Сынып: 6 «А»

Сынып жетекшісі: Абдазова Фатима

2023-2024 оқу жылы

**«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру
мақсатында 2023-2024 оқу жылында атқарылған
б«А» сынып жетекшісінің жылдық жұмыс есебі**

Сынып: 6 А

Оқушылар саны: 20

Сынып жетекшісі: Абдазова Ф.П.

Оқу жылы 2023-2024

«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Оқу ағарту министрі Ғ.Бейсембаевтың 19.09.2023 ж. №294 бұйрығы негізінде сынып жетекшісінің жылдық жоспары жасалып, іс-шаралар атқарылды.

Мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу

Міндеттері:

- ✚ Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасын татулығымен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- ✚ Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақтың, мемлекеттің рәміздерін құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдықпен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- ✚ Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлықпен
- ✚ әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- ✚ Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- ✚ Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

- ✓ Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасын татулығымен берекесін қадірлейді.
- ✓ Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
- ✓ Әрісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішігірлет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнатып білу;
- Уақытпен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жанментәнт азалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта азалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес берілетін ұсынымдар:

Туғаннан бастап жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- ✓ баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- ✓ баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- ✓ баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілекөлендер, өтірікөлендер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақша дәтүскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жас таңасқан балаларға мейірімділікпен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрінен гүзу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Балбала» тілширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығымен қажеттілігіне сәйкес отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

ларына қолдау көрсету;

- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдыналу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітапоқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділікті танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарынан егізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буыны екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәрбиелермен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи тұлғаларды жетістіктеріне айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың қолдауында жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдықпен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Жыл басын «Алғашқы қоңырау» салтанаты жиынмен бастап, «Мен өз елімнің патриотымын» атты тықырыпта сынып сағаттары өткізілді. Және қыркүйек айында өткен «Тіл тұтастығы-ел тұтастығы» атты тілдер онкүндігімен басталды.



Қазан айында өткен «Қарттарды қолдау» атты салтанатты жиынын өткізіп, сыныбыммен бірге Ташаева Б. әжені үйіне бардық. Әжеміз өзінің даналық кенестерімен бөлісті. Сонымен қатар қазан айында «Мұғалімдер» күніне орай оқушылар керемет кеш ұйымдастырды. Сынып оқушылары «Алтын күз» мерекесіне белсенді қатысты.

Қараша айының басында «Ақыл айтпа, жол көрсет» тақырыбында ата-аналармен жиналыс ұйымдастырылды. Мұғалімдер мен ата-аналар арасында балаларды түзете тәрбиелеудің өзекті мәселелері талқыланып, түсіндірілді.

Қараша айының 26 күні білім сапасын көтеру мақсатында "Smart" әдісі бойынша мұғалімдермен коучинг сабағы өткізілді.

16 ші желтоқсан күні «Тәуелсіз Елім» тақырыбында оқушылармен тәрбие сағат өтілді. Арғарай жаңа жылға дайындалып, 27.12.2024 күні керемет «Жаңа жыл» мейрамы болып өтті. Ертеңгілікке 22 оқушы қатысып, ән салып, би билеп өз өнерлерін көрсетті.



8 қаңтардан бастап ІІІ-тоқсан оқу жылы басталды. Оқушыларды ІІІ тоқсанның іс шараларымен таныстырып, белсенді қатысуларын ескерттім.

Оқушылар орыс тілі апталығында өте жақсы қатысып, орындарға ие болды. Хусанов Фарух, Азаматов Аслбек, Газибаева Жасмина мактау қағаздармен марапатталды.

1 Наурыз «Алғыс айту» күніне орай сынып сағаты өткізілді. Оқушылар бір-біріне болған жақсы тілектерімен бөлісті.



Наурыз айында «Халыкаралык әйелдер күні» болып өтті. Ер азаматтар тарапынан кеш ұйымдастырылды.



«Наурыз» мерекесіне орай тәрбие жағынан мектебімізде «Қыз үлгісі» тақырыбында сайыс болып өтті. Бұл сайысқа Газибаева Жасминамен жеңгесі Ташаева Дилдора қатысып, жүлделі орынға ие болды.



5 наурыз күні 4бсынып жетекшісімен бірлесе отырып «Жан анам» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтілді.



1 ші мамыр « Қазақстан-Халқының бірлігі күні» не орай оқушыларға тәрбие сағаты өтілді.



7 ші мамыр «Отан корғаушылар» күніне орай сынып сағаты өткізілді.



2023-2024 жылына қорытынды жасау мақсатында 22.05.2024 күні ата-аналар жиналысы өткіздім.



24 мамыр күні «Білім Отаныма» тақырыбында сынып сағаты өткізіліп, үздік оқушылар мақтау қағазымен марапатталды. Оқушыларға жолда жүру ережелері түсіндіріліп, өмір қауыпсыздық журналына қол қойдырылып, оқушыларды жазғы демалысқа шығарып салдым.



6«А» сынып жетекшісі:  Ф.Абдазова